

Ақтау қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 6 қаңтардағы № 26 "2014 жылға Ақтау қаласы бойынша халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 740 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 маусымда № 2454 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 12.03.2014 жылғы № 02-17-567 ұсынысына сәйкес, қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ақтау қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 6 қаңтардағы № 26 «2014 жылға Ақтау қаласы бойынша халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2343 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 ақпандағы № 20-21(8530) «Маңғыстау» газетінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

қаулының 4 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.».

2. «Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Н. Хайрлиева) осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Жаңбыршин

« К Е Л І С І Л Д І » :
« Ақтау қалалық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Г . Н . Х а й р л и е в а

26 мамыр 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК